

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ақордада салтанатты жиын өтті. Президент ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиятын байытуға зор үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

— Мәдениет — ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз — Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Талантты музыканттарымыз өлемдік сахналарда табысты өнер көрсетіп жүр. Қазақ киногерлері түрлі халықаралық байқауларға қатысып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болуда. Елордамызда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары табысты өтті. Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформаларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекет өнер саласын өркендетуге әрдайым ерекше мән береді. Өйткені мәдениеті озық елдің рухы биік болады.

— Былтырдың өзінде 45 жаңа мәдениет нысаны салынды. Бұл жұмыс болашақта да жалғасын табады. Театр — руханиятымыздың негізгі тірегінің бірі. Ұлттық құрылтайдың Бурабайда өткен отырысында аймақтағы театрларды дамыту туралы нақты тапсырма берілді. Театрлардың көпшілігі толық жаңғыртуды қажет етеді. Кейбіріне жаңа ғимарат керек. Осы жұмысқа кәсіпкерлер мен меценаттарды жұмылдырған абзал. Бұл — өлемде кең таралған тәжірибе. Мұндай жобаларға инвестиция салуға дайын азаматтар аз емес. Мен бизнес өкілдерін руханиятымызды дамыту ісіне атсалысуға шақырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде іргелі мәдениет ошақтары көп екеніне назар аударып, олар талай жылдан бері көрермен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі



қауымға тағылымды қойылымдар ұсынып келе жатқанын жеткізді.

— Осы орайда Бикен Римова атындағы қазақ драма театрына, Алматы қаласындағы Мемлекеттік қуыршақ театрына және Ғарифолла Құрманғалиев атындағы филармонияға академиялық мәртебе беру қажет деп санаймын. Бұл қадам мәдениет мекемелерінің жұмысына тың серпін берері сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев музейлер тарихымыз бен мәдениетіміздің асыл қазынасы екенін атап өтіп, мемлекет олардың дамуына ерекше мән беріп отырғанын айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, төл тарихымыз бен мәдениетімізді насихаттауда ЮНЕСКО-мен өзара ықпалдастық ерекше рөл атқарады. Бұл ретте Президент Бүкіләлемдік мұралар тізіміне еліміздің тарихи және мәдениет ескерткіштерін енгізу үшін күш-жігер жұмсалып жатқанына тоқталды. Бұдан бөлек, «Әлем жады» тізбесіне құжат күйіндегі мұраларымызды енгізу ісі қолға алынды.

— Биыл әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын ЮНЕ-

СКО деңгейінде атап өтеміз. Мерейлі даталарға орай өтетін іс-шаралар мазмұнды, тағылымды болуы керек. Халық руханиятының тағы бір маңызды қыры — сәулет өнері. Қалалар мен елді мекендер келбеті — ұлт мәдениетінің айнасы. Ұлттық архитектура, түптеп келгенде, ұлттық санаға ықпалын тигізеді. Елімізде сәулет өнерін жетік меңгерген, оны ұлттық нақышқа бейімдей алған мамандардың тұтас буыны өсіп келеді. Мұндай дарын иелеріне мейлінше қолдау көрсету қажет. Осы орайда жас сәулетшілердің арнайы байқауын ұйымдастырып, Ұлттық сыйлық тағайындауға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізді көркейту — баршаға ортақ міндет екенін атап өтіп, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының мақсаты да осыған негізделгенін айтты.

— Жалпы, тазалық пен мәдениет — егіз ұғым. Мәдениеті жоғары қоғамның табиғаты да, таным-түсінігі де таза болады. Ұлтты өрге бастайтын қасиеттің бірі — білімге, оқуға деген құштарлық. Шерхан Мұртазаның «Мәдениеттің мәйегі — кітап» деген сөзі бар. Біз озық ойлы ел боламыз десек, ең алдымен,

кітап оқитын ел болуымыз керек. Әрине, қазіргі ғаламтордың үстемдігі кезінде бұл мақсатқа қол жеткізу оңай емес, күрделі, бірақ бәріміз соған жетуіміз керек. Қазір бұл бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Жас қаламгерлерге арнайы Президент сыйлығы беріле бастады. Биыл алғаш рет «Ұлттық кітап күнін» атап өттік. Халқымыз осы маңызды бастамаға барынша қолдау білдірді. Әсіресе, жастарымыз ерекше белсенді. Осындай игі істер алдағы уақытта да жалғаса береді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде соңғы жылдары ауқымды реформалар жүзеге асырылғанын еске салып, бұл үдеріс саясат пен экономикадан бастап, барлық салаға әсерін тигізгеніне тоқталды.

— Ұлттық болмысымыз заманға сай өзгере бастады. Мұны реформаның тағы бір маңызды нәтижесі деуге болады. Мәдениет пен өнердің ағартушылық әлеуеті орасан зор. Бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға ерекше ықпал етеді. Өскелең ұрпақ сіздердің туындыларыңыздан тәлім-тәрбие алады. Қоғамда жаңа этика мен құндылықтар қалыптасады. Өнер-білім арқылы жастарымыз жасампаз, жаңашыл әрі еңбекқор болып өседі. Сонда біз шын мәнінде Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Өркениетті мемлекет боламыз. Мәдениет және өнер қызметкерлері осы маңызды жұмысқа зор үлес қоса береді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, мемлекет алдағы уақытта да мәдениет өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсете беретінін атап өтті.

— Бүгін ұлттық өнердің майталманы Қайрат Байбосыновқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі. Халқымыздың жан-дүниесін айшықтай көрсететін халық өнері әрдайым төрде болуы керек. Бұл марапат — әйгілі әншінің өлшеусіз еңбегі мен ұлттық өнерімізге деген ерекше құрметтің белгісі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан айрықша үлесі, мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және кестеден озып келеді.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов елді мекендердің ішкі желілерін жүргізудің дайындық жұмыстары туралы айта келе:

— «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбыры жобасының арқасында Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында 66 елді мекенге газ тартылатын болады. Соның ішінде 6 елді мекенді биыл, қалған 60-ын келесі жылы газға қосамыз. Соның ішінде Ақсу қант зауыты да бар. Осы шаралардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін, сол сияқты кәсіпкерлік пен өндіріс орындарының жұмысы үшін де тиімді. Бұл өңірдің экономикасын дамытуға үлкен серпін береді, — деді Ә.Қанағатов.

Мұнан соң ресми өкілдер «Қапал» АГТС-ының құрылыс жұмыстарын да барып көрді.

Жетісу облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Биылғы жылыту маусымына дейін «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы аяқталады

Жетісу облысына жұмыс сапарымен келген «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының барысымен танысты. Ресми қонақтарды Ақсу ауданындағы құрылыс алаңына облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов бастап барды. Белгілі болғандай, «Талдықорған - Үшарал» газ құбырының желілік бөлігін салу жұмыстары аяқталған. Қазір автоматты газ тарату станциялары тұрғызылуда, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен «Жансүгіров» АГТС-ының алаңына барған ресми қонақтар мұндағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бұл ретте С. Жаркешов бірінші кезекте жұмыстың сапасына баса көңіл бөлуді қатаң тапсырды.

— Бүгінгі күні «Талдықорған — Үшарал» магистралды газ құбырын салуға үлкен назар аударылып отыр. Бұл - Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Ұлттық қордың қаржылай қолдауымен қолға алынған ауқымды жоба. Өткен жылы Үкімет басшысы Жетісу облысына келгенде құрылыс жұмыстары басталған болатын. Жобаның әлеуметтік маңызын ескере отырып, жұмыстарды қарқынды жүргіздік. Соның нәтижесінде жобаны белгіленген мерзімінен бір жарым жыл бұрын, яғни 2025 жылдың жылыту маусымына дейін бітіреміз деп жоспарлап отырмыз. Бұл «QazaqGaz», облыс әкімдігі және мердігер компания — үш тараптың бірлескен үлгілі командалық жұмысының нәтижесі, — деді «QazaqGaz» ҰК» «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Атап өтсек, жобаның технологиялық

схемасына сәйкес, газ құбырының жалпы ұзындығы 302,441 км құрайды, жобалық қысымы РР=9,8 МПа. Жобада сондай-ақ 6 газ құбыры-бұрмасын және «Жансүгіров», «Қапал», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай», «Үшарал» - 6 автоматты газ тарату станциясын салу көзделген.

Бүгінгі таңда жаңа газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, кедергілерден өтетін учаскелерді: күрделі табиғи бедерлер, су асты өткелдері және т. б. салу бойынша жұмыстар аяқталу сатысында.

Қазіргі таңда барлық алты автоматты газ тарату станцияларының құрылыстары қатар басталды. Станциялардың дайындығы осы жылдың тамыз айына жоспарланған. Құрылысқа 148 бірлік арнайы техника мен 356 жұмысшы персонал

Биыл Жетісу облысында 113 мыңнан астам оқушы жазғы демалыс шараларымен қамтылады. Өңірде қала сыртындағы 13 балалар сауықтыру лагері жұмыс істейді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беру ұйымдарының 1-10 сыныптарындағы 121 694 оқушының 113 112-сін қамту жоспарланып отыр, бұл - оқушылардың 93%. Оның 9 932-сі - әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасылардан шыққан балалар.

Оған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджеттен, демеушілердің, соның ішінде «Қазақстан халқына» қорының есебінен, кәсіподақ ұйымдары тарапынан қарастырылады. Осылайша оқушылар жазғы демалысты туристік саяхатпен, еңбекпен, шығармашылықпен, интеллектуалдық шыңдаумен өткізеді. Жазғы сауықтыру лагерлеріне 12342 педагог тартылмақ, соның 112-сі - қала сыртындағы лагерлерде, 12000-ы мектеп жанындағы тамақтандырылмайтын лагерлерде болады. Сонымен қатар балалар демалыс орындарына педагогикалық колледждердің 150 студенті, 80 ерікті тартылады.

«Жетісу облысында балалардың жазғы демалысы 6 жоба аясында «Ұлттық құндылықтар», «Білімнен мамандыққа дейін: еңбек әлеміне экскурсия», «Жасыл клуб», «Жазғы экран», «Жетісу сақинасы» «Ұлттық құндылықтар», «Туристята» жобасы шеңберінде ұйымдастырылады. Мәселен, балалар өңірдегі зауыттар мен цехтарға барып, техникалық кәсіппен танысып, қарапайым материалдардан

Жетісуда балалардың жазғы демалысы қалай ұйымдастырылады



өнімдер қалай жасалатынын көреді. Сол сияқты облыстың көрікті жерлеріне, ұлттық саябақтарға, музейлерге т.б. табиғи, тарихи, мәдени, туристік орындарға экскурсиялық саяхат жасайды. Бұл ретте қауіпсіздік мәселесіне, санитарлық талаптарды сақтауға баса көңіл бөлінеді. Демалыс арнайы бекітілген бағдарлама негізінде методикалық ұсынымдарға

сәйкес жүргізіледі», - делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

Жалпы облыстағы 13 балалар сауықтыру лагерінің 11-і - қала сыртындағы жазғы сауықтыру орталығы, 1 - мүгедектігі бар балаларға арналған жазғы сауықтыру орталығы, 1 - дарынды балаларға арналған лагерь. Солардың бірі - Алакөл ауданындағы «Жансая» жартылай стационарлық медициналық-әлеуметтік мекемесі жанындағы Ерекше балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерінің жұмыс істегеніне биыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде онда аймақтың әр түкпірінен 300-ге жуық бала тегін демалды.

- Биыл Алакөл жағалауында орналасқан Ерекше балаларға арналған сауықтыру лагерінде жазғы кезең 24 маусымда басталады. Биылғы жылы

онда ерекше қажеттілігі бар 160 бала тегін демалады. Әр бала 5 күннен демалады. Балалар I-III топтағы мүгедектігі бойынша тіркелген жеріндегі дәрігер ұсынысының немесе қорытындысының негізінде қабылданады. Орталыққа жетуді ұйымдастыруды заңды өкіл немесе бірге еріп жүретін адам тұрғылықты жерінен Үшарал қаласына дейін дербес жүзеге асырады, бұдан өрі оларды Ақша ауылына, лагерьге жеткізуді біз ұйымдастырамыз. Жалпы, мұндай белсенді демалыс балаларды сауықтыруға ғана емес, әлеуметтендіруге де оң ықпал етеді, - деп атап өтті облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Айта кетейік, 6 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арналған 40 орындық жазғы сауықтыру лагері 2023 жылы Алакөл ауданы әкімдігінің резиденциясы ғимаратының базасында ашылған болатын. Сапалы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында оған қажетті күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балаларға Алакөл көлінің жағасында демалу үшін барлық жағдайлар жасалды.

Еске салсақ, осы жылы өңірде 131 675 оқушы, атап айтқанда 11 сыныпты 7 866 түлек, 9 сыныпты 12 968 түлек аяқтайды. 23 мамырда 1-11 сынып түлектері үшін Соңғы қоңырау шарасы мектеп аумағында өтіп, «Білімім - Отаныма» тақырыбындағы бірыңғай сынып сағаттары өткізіледі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

1 маусымда Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталады



Президенттік жастар кадр резерві - дарынды, бастамашыл, кәсіби білікті жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған маңызды жоба.

Құжаттарды қабылдау - 1-30 маусым аралығында rkrezerv.gov.kz ресми платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады.

Еліміздің дамуына өз үлесінді қос!

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттық жобасы іске қосылды

Жетісу облысында жастардың бастамалары мен кәсіпкерлік әлеуетін қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік Ұрпақтары» гранттық жобасы басталды. Аталған жоба 18-35 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға арналған және олардың әлеуметтік, ғылыми, мәдени және кәсіпкерлік бағыттағы жобаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты - жастардың ел дамуына қосар үлесін арттыру, олардың өз кәсібін ашуға, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларында жұмыс жасауына, сондай-ақ креативті және экологиялық бағыттарда дамуына қолдау көрсету.

Гранттар көлесі 6 бағыт бойынша беріледі:

1. Мал және балық шаруашылығы.
2. Өсімдік шаруашылығы.
3. Сүт өнімдерін өндіру.
4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу.
5. Қолөнер және шағын өндіріс.
6. Агротуризм және экотуризм.

Әрбір жеңімпазға қайтарымсыз қаржылай қолдау беріледі. Қаражат қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды алуға, жұмыс орнын жабдықтауға және жобаны іске қосуға жұмсалады.

Өтініш қабылдау мерзімі:

2025 жылдың 15 мамырдан 15 шілде аралығында.

Қатысу шарттары:

- 18-35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматы болуы;
- жұмыссыз мәртебесінде тіркелуі;
- жобалық ұсынысты және бизнес-жоспарды ұсынуы;
- жобасын Жетісу облысы аумағында іске асыруы.

Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасы жастарды аталған мүмкіндікке белсенді қатысуға шақырады.

Грант - тек қаржылық қолдау ғана емес, сонымен қатар өз арманыңды жүзеге асыру мен табысты кәсіпкерлік жолға қадам басудың алғашқы сатысы.

Толық ақпарат пен кеңес алу үшін хабарласыңыз: Дамира, 8 707 929 12 72; Назерке, 8 707 755 58 46; Маржан, 8 747 160 46 37. Электрондық пошта: tauelsizdik.jetisu@mail.ru

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ақпараты бойынша.

Жетісу облысы құрылғаннан бергі 3 жылда өңірде 11 саябақ, 5 сквер және 2 аллея салынған, олар атап айтқанда - Ақсу, Алакөл, Кербұлақ, Қаратал, Панфилов аудандарында және Талдықорған қаласында. Сол сияқты 21 саябаққа күрделі жөндеу жүргізілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңірде 292 мың ағаш көшеті отырғызылды

Облыста көгалдандыру жұмыстарына ерекше мән беріледі. 2022-2024 жылдар аралығында аудан-қалаларда 21 саябақ күрделі жөндеуден өткізілсе, биыл 5 саябақ, 2 сквер, 1 аллея мен 69 ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атап өтсек, облыс көлемінде жалпы аумағы 296,3 га болатын 132 саябақ, сквер, аллеялар бар. Мәселен, соңғы жылдары абаттандырылған саябақтардың бірі - Сарқандағы «Қойтас» саябағы. Нысан кезең-кезеңімен көркейтіліп, бүгінде қалалықтардың айтулы демалыс орындарының біріне айналған.

- Сарқан қаласындағы «Қойтас» саябағына жергілікті тұрғындар ғана емес, жан-жақтан келген қонақтар да тамсана қарайды. Күнде кешкісін отбасымызбен серуендеп, Сарқан өзенінің жағалауында емін-еркін жүріп, сергіп қайтамыз, қонақтар келсе, осында алып келеміз. Балалар ойын алаңқайында асыр салып, жасөспірімдер спорттық алаңда футбол, волейбол ойнайды. Мұнда бәрі халық игілігі үшін жасалған, - дейді қала тұрғыны Арайлым Саматқызы.

Еске салсақ, ел Президентінің тапсырмасына сәйкес Жетісу облысының елді мекендерінде бес жылда 538 мың ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланған. 2021-2024 жылдары 418 мың ағаш егілсе, соның ішінде соңғы үш жылда отырғызылған жапырақты және қылқанжапырақты ағаш саны - 292 мың. Ал биыл аудан-қалалар аумағында 120 мың көшет отырғызу жоспарланған, бүгінгі күнге соның 55,9 мың данасы отырғызылды. Атап өтсек, аудан-қалаларда көктемгі және күзгі маусымдарда тұрғындардың қатысуымен ағаш егу және басқа да экологиялық шаралар жыл бойы «Таза Қазақстан» акциясы аясында белсенді түрде атқарылып келеді. Бұл ретте жыл басынан бергі іс-шараларға өңірде 17 мыңнан астам адам қатысты.

Сонымен қатар облыста аулаларды абаттандыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 2023 жылы 56 аула ағымдағы жөндеуден өткізілсе, өткен жылы 110 аула абаттандырылды. Ал биыл тағы 51 ауланы абаттандыру жоспарланған. Оған қоса 140 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттерін (69 шатыр және 71 қасбет) жөндеу жоспарда бар. Бұл ретте әсіресе балалар ойын алаңдарының жаңа кейіпке еніп, көркейтілгеніне көпшілік ерекше риза. Соңғы екі жылда осындай 197 алаң абаттандырылса, биыл 76 балалар және спорт алаңын абаттандыру жоспарлануда. Солардың ішінде Талдықорған қаласындағы «Ұлан» шағын ауданындағы балалар алаңы да бар.

- Бұрын алаңның шаңы шығып, топырақ болып жататын. Үлкен ұлым доп ойнағанда үсті-басы шаң болып келетін. Ал кіші балаларымды аулаға алып шыққанмен ойнататын жер жоқ еді. Өткен жылы ауламызға балалар ойын алаңын салып, түрлі өткеншектер, тренажер құрылғыларын орнатты, үлкендер демалып отыратын орын да қарастырылған. Көрші аулаларда да жөндеу, абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Шағын ауданымыздың кейпі биыл тұтастай жаңаланатынын естіп қуанып қалдық, - дейді көп балалы ана Диана Топарбаева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



•**Заң және тәртіп**

Арнайы шара өткізіледі

Қазақстан Республикасының 2025 жыл Ішкі істер министрлігі жариялаған құқық бұзушылықтар профилактикасы жылы «Полиция Заң мен Тәртіпті күзетінде» шеңберінде, сондай-ақ қоғамда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, полицияның имиджін арттыру мақсатында облыс аумағында ағымдағы жылдың 19 мамыр мен 04 маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты акция өткізіледі.

Мақсаты қоғамда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, отбасылық құндылықты насихаттау, зорлық-зомбылықсыз отбасын қалыптастыру.

Ж. ШАРОВ,
Сарқан аудандық полиция бөлімі
жергілікті полиция қызметі
бөлімшесінің отбасылық тұрмыстық
зорлық-зомбылыққа
қарсы күрес бөлімшесінің аға
инспекторы, полиция капитаны.

•**101 ескертеді**

От жағуға тыйым салу бойынша түсініктеме

Саяжай және бау-бақша учаскелерінде от жағуға, қоқыстарды жағуға және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салу жаңа енгізілген норма емес. Бұл норма 2006 жылдан бері бар (2006 жылғы 8.02. Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 140-тармағы), сәйкесінше әкімшілік жауапкершілік те бұрын бекітілген. Қазіргі уақытта бұл норма қолданыстағы Өрт қауіпсіздігі қағидаларының "Құрғақ, ыстық және желді ауа райы тұрақты болған жағдайда қалаларда, ауылдық елді мекендерде және кәсіпорындарда, саяжайлық ауылдарда, бау-бақша учаскелерінде от жағуға, көмір, қоқыс, қалдықтар, құрғақ шөпті жағуға, өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге, сондай ақ стационарлық емес сұйық, қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін пештерді, ас-үй ошақтарын және қазандық қондырғыларын жағуға жол берілмейді" 174-тармағында жазылған.

Қолайлы ауа-райы жағдайында ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м қашықтықта, осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген орындарда және тұрақты бақылауда от жағуға және қалдықтарды жағуға рұқсат етіледі. Ал мангалды (барбекюдi, грильді) ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 10 м қашықтықта пайдалануға жол беріледі, сондай-ақ орнын бір өрт сөндіргішпен немесе кемінде 10 литр суы бар сыйымдылықпен жабдықтау қажет. Мангалды (барбекюдi, грильді) құрғақ өсімдіктері бар орындарда, ағаштардың түбінде, жанғыш материалдардан жасалған жабындардың астында орнатуға тыйым салынады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 410-бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Р. АХМАРОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Газдан абай болайық

Қауіпсіздік ережелеріне сәйкес газ шаруашылығында сұйықталған газбен толтырылатын баллондарды орнату тұрғын үйдің сыртында да, ішінде де қарастырылады. Сонымен қатар баллондар жайлардың ішінде төрттен аспайтын пәтерлері бар бір немесе екі қабатты үйлерде болуы мүмкін.

Тұрғын үйдің ішінде сыймдылығы 55 л бір ғана балон, газдық аспаптар тұрған сол жайларда орнатуға рұқсат беріледі. Шапқы құбырымен сорып шығаратын желдеткіш немесе фрамугасы ашылатын терезесі болуға тиіс. Жанғыш қабырғаның маңында орналасқан газ плитасы сылануға тиіс, сонымен қатар қабырғадан плитаға дейінгі ара қашықтық 7 см кем болмауға тиіс.

Ә. ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

«Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті. Ал болған іс болған екен, онда әке алимент төлеуге тиіс. Мемлекет жалғызбасты аналарды қолдауы және алимент төлемегені үшін жазаны күшейту керек!».

Рас, бір кездері өз баласының тағдырына жауапсыз қараған әкелерге «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа болмады. Соңғы жылдары «Неке және отбасы» туралы заңға өзгерістер енгізіліп, алимент мәселесі шындап қолға алына бастады. Бүгінде өз туғанына тапқан таянған нәпақасын бөліп беріп, алимент төлеуде әр түрлі себептерді алға тартатын немесе жауапты істің үдесінен шығуды кейінге қалдырудан шаршамайтын «көкек әкелердің» бұл ездігі қаншама аналарды «жүдетіп», жүйкесін жұқартып жатқаны шындық. Мұндайда амалы таусылған, жігері жасыған сол әйелдер сот актілерін орындау департаментінің есігін жағалап, қызметкерлерден көмек сұрайтыны жасырын емес. Ал оларға көрсетіліп жатқан көмектің нәтижесі борышкерлердің есеп шоттары бұғатталып, жылжымалы-жылжымайтын мүлкіне бұғаттар қойылып, тәркіленуде, бүгінде өз ұрпағын өзектен тепкен аналардың сұмдық ісіне, енді «көкек әкелердің» қайырымсыз әрекеттері

Алимент қарыз емес ПАРЫЗ

қосылып, қоғамда өте үлкен дау тудырып отыр. Жүз мыңнан астам ана мен баланың құқығы тапталып, шарасыз күйде екендігін көрсетеді. Екі жастың дәм-тұзы жараспай, ойлары мен ортақ мақсаттарының бір арнаға тоғыспай, екіге бөлінуіне, олардың «бауыр еті – балалары» кінәлі емес екені сөзсіз. Сондықтан да, ана қолында қалған сәбиге әкесінің моральдық-материалдық көмек беруі міндетті. Заңмен белгіленген тәртіп бойынша балаларына алимент төлеуге келгенде кежегесі кейін тартып, жалтарып, қала берді жасырынып жүреді. Ер азаматтарымыздың мұндай ерсі әрекеттерге баруы «көкек әке» деген тағы бір сипаттағы сөздің кең қолданысқа енуіне әкеп соқтыруда. Бірақ еліміздің заңына сәйкес алимент төлеуден жалтарған, берешегі көп борышкер әкелерді бас бостандығынан айыру жазасы енгізіліп отыр. Әрине, алимент балаға әке бола алмас. Дегенмен, мұның өзі ер адамның жауапкершілігін аз да болса сезіндіреді. Алимент төлеу ардың ісі болса да, бәзбіреулер баласы 18-ге толғанда қарыздан құтыламын деп ойлайды. Тіпті

де олай емес. Бала он сегізге толып кетсе де, төленіп бітпеген қарыз әкенің мойнын-да аманат болып қала береді. Түрмеде отырғандар да, науқас жандар да алименттен жалтара алмайды. 2, 3 топтағы мүгедек әкелер де алимент төлеуге міндетті екенін естен шығармайық! Бұрын алименттен әлдебір себептермен бас тартқан аналар кейін оны қайта талап ете алмайтын. Қазір заңдағы өзгерістер аналарға алимент қайта талап етуге мүмкіндік беріп отырғаны белгілі. Сонымен қатар, он сегізге толған бала оқу оқып жүрген болса, онда да анасы сотқа қайта талап арыз беріп, алиментті баласының оқуы біткенше өндіре алатынын біреу білсе, біреу білмес. Алайда, ай сайынғы жалақының аз ғана бөлігі әкенің қамқор алақанын қайдан алмастырсын?! Әйтсе де, өз қанынан жаралған перзентті керек қылмай, тас-бауырлық таныту – қай азаматқа болсын жараспайтын қылық!

А. ИМАНДУСАНОВ,
Жетісу облысының атқарушылық
округінің жеке сот орындаушысы.

Монополияға қарсы органның нұсқамалары орындалды

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша Алакөл ауданы «Қабанбай балалар шығармашылық орталығы» МКҚК және Ескелді ауданы «Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» МКҚК кәсіпорындарының жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1095 Қаулысына сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзады.

Анықталған бұзушылыққа байланысты Департамент жіберілген сәйкессіздіктерді жою туралы нұсқама шығарды. Қазіргі уақытта нұсқама толық көлемде орындалды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту
агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті.

Исполнены предписания антимонопольного органа

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГKKП «Центр детского творчества Кабанбай» Алакольского района и ГKKП «Центр детского и юношеского творчества» Ескельдинского района не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписания об устранении допущенных нарушений. На данный момент предписания исполнены в полном объёме.

Департамент Агентства по защите и развитию
конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу.

Пестицидтерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

нұсқаулармен, жадынамалармен қамтамасыз етіледі, 3-4 км аумағында ара омартасы және мал болмауы тиіс.

Пестицидтерді қолдану пайдалану регламенттеріне (жұмыс нормасы, өңдеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады. Қолдану барысында регламентті мейлінше сақтап, арнайы киім, респиратор киіп, қауіпсіздік техникасы сақтаулары тиіс.

Пестицидтармен жұмыс істейтін жұмысшы медициналық тексеруден өтіледі.

Пестицидтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге,

ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге жол берілмейді.

Өсімдіктерді пестицидтармен тозаңдатуы және бүріктіруді ерте және кешкі желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авиацияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

Жалпы өсімдік қорғау препараттары күн ыстықта, желді-жаңбырлы ауа райында қолдануға қатаң түрде тыйым салынады. Себебі, күн ыстықта жер бетінен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, өте ұсақ тамшымен шашылған пестицидтің әсерлі заттары буланып, жоғары қозғалған ауа ағысымен көкке ұшып кетеді. Желтең

күні шашылған дәрі желмен мүлде басқа жаққа ұшып, адамдарды, малды улап, зиянын тигізеді. Жаңбырлы күні шашылған пестицидтерді жаңбыр шайып кететіндігі айтпаса да түсінікті. Пестицидтерден босаған ыдыстарды тұрмыста қолдануға мүлде болмайды, оларды арнаулы орындарға, залалсыздандыруға міндетті түрде өткізу қажет.

Жеке және заңды тұлға жоғарыдағы көрсетілген қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Респуликасының заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен жазаға тартылады.

Р.БОКУШБАЕВ,
Сарқан аудандық аумақтық
инспекциясының өсімдіктерді қорғау
және карантин жөніндегі мемлекеттік
инспекторы.

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер ғана қолдануға жатады.

Пестицидтерді қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Пестицидтармен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген журналда тіркеледі, оларда міндетті түрде мынандай мәліметтер көрсетіледі: Пестицидтердің атауы; Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктелмесіне сәйкес пестицидтің қауіптілігі; Организмнің атауы; Жұмсау нормасы; Ертіндінің көлемі; Ертіндінің дайындалған күні; Өңдеу түрі (жер үсті, авиациялық, аэрозольдік); Орны мен алаңы; Өңделген күні; Өңделген дақылдың түрі.

Пестицидтармен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен,

Еліміздің ең қымбат қазынасы адам мен адамның құндылықтары. Ал адам баласының өмірдегі ең бағалы құндылығы – бұл оның отбасы. Даналықпен сусындаған қазағымның «Отан – отбасынан басталады» деп айтуы сондықтан. Себебі халқымыз отбасы бүлінсе, ел бүлінеді деп сенген. Сондықтан шаңырақтың алтын діңгегіне айналған аналарды қадір тұтқан. Отбасы ұғымының өзі оттың басы дегенді білдірсе, бұл – ең жылы, ең жайлы, адам үшін ең жақын орын болып табылады. Отбасының беріктігі бүкіл елдің жаңғыруының, береке-бірлігінің темірқазығы.

Морис Сафир былай дейді: "Туу туралы куәлікте адам қайда туды, қашан туды - жазады, бірақ не үшін туғанын жазбайды". Шындығы солай. Бағамдап қарасаңыз мінезі, бітім-болмысына орай Жеңіс апайдың куәлігінде "ұстаз" деген сөз жазылуы тиіс. Ол өз шаңырағының құтын қашырмай отырған бір әулеттің алтын діңгегі, өзінің ұстаздық, аналық парызын адал ақтаған абзал жан.



Отбасы - бағалы құндылық

Жомарт ИГИМАН

...Құдай — әйелді жаратқанда оның болмысын тек алтыншы күннің кешінде бітіріпті. Қасынан өтіп бара жатқан Періште:

— Сен неге бұл үшін ұзақ жұмыс жасадың? — деп сұрайды. Сонда Алла Тағала:

— Ал сен бұл жаратылыстың бүкіл болмысын көрдің бе? Ол екі жүзден астам қимыл әрекетін білуі керек. Кез-келген тағамның дәмі мен иісін ажырата білу, бір мезетте бірнеше баланы құшағына басу, өзінің ыстық құшағымен жарылған тізеден, жараланған жүрекке дейін емдеп жаза алатындай болуы керек және осының бәрін тек екі қолымен ғана жасай алады, — дегенде, Періште таңданып:

— Бар болғаны екі қолымен бе?! Мүмкін емес! Бір күнге тым көп жұмыс екен? Қоя сал, ертеңгі күні бітіресің, — дейді.

— Жоқ. Мен өзімнің ең сүйікті жаратылысымды бітіруге аз қалдым. Егер ауыра қалса, бұл өз-өзін емдеп, 18 сағат жұмыс жасай алатын болады.

Періште әйелге жақындап келіп, оны саусағымен түртіп көреді...

— Аллам, сен мұны сонша нәзік етіп жаратқан екенсің!

— Иә, ол — өте нәзік. Сонымен бірге, ол — өте күшті! Сен тіпті оның нені көтеріп, нені бағындыра алатынын көз алдыға елестете де алмайсың.

— Ол ойлана алады ма? — деп сұрады періште.

— Ол тек ойланып қана қоймайды. Ол сендіре де, келісімге де келе алады.

Періште әйелдің бетін сыйпады...

— Бұл жаратылыс терлеп тұр ғой! Шамасы, сен оған көп ауыртпалық беріп жатырған сияқтысың.

— Ол терлеп тұрған жоқ, бұл көз жасы ғой, — деп дұрыстады Алла Тағала Періште сөзін.

— Бұл не үшін? — деп сұрады Періште.

— Ол — қайғысын, күдігін, махаббатын, жалғыздығын, қасіреті мен қуанышын осы көз жасымен білдіреді.

Періште қатты әсерленді...

— Я Алла, сен — шынында да данасың! Сен бәрін ойлағансың. Әйел — шынында да керемет жаратылыс екен.

— Иә, шынында да, солай!

Әйелде еркекті бағындыра алатындай — күш бар:

Ол — өмір тауқыметімен күресіп, қасіретін көтере алады.

Ол — бақыт, махаббат, қуаныш алып келеді.

Ол айқайлағысы келсе — күледі, жылағысы келсе — ән айтады.

Бақытты кезінде — жылайды, қорыққан кезінде — күледі.

Сенгені үшін күреседі, әділетсіздікке қарсы тұрады.

Жақындары үшін — жанын береді.

Өз шешімінің дұрыстығына бәрін сендіреді.

Махаббаты — шексіз.

Балаларының бақытына қуаныштан жылайды.

Достарының табысына қуанады. Жүрегі қайғыдан қақ айырылса да, өмір сүру үшін өз бойынан қуат таба алады...

Жеңіс Мансұрқызы жеңіс туы көтерілген 1945-тің мамырының 21-інде дүние есігін ашыпты. Демек, есімінің осылай айшықталуы заңдылық. Көкжиде ауылында есеп-қисап саласында абыройлы қызмет атқарған, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын бастан кешкен Шарапиев Әбілмансұр әкесінен өмірдің құндылығы - адалдықта екендігін естіп, сезіп, көріп өскен жас қыздың арманы алдыға жетелеген талап-ниеті арқылы жүзеге асты. Майдангер әке ұзақ жыл Көкжиде ауылында есепші болып қызмет атқарды. Анасы Шарапиева Мейірбан он баланы тәрбиелеген атына сай мейірімді де қайырымды ардақты ана еді.

Жеңіс Мансұрқызы еңбек жолын 1962 жылы мектепті бітіре салып өзі оқыған Бөрлітебе ауданындағы Ерікті орта мектебінен пионер жетекшісі қызметінен бастады. Жұмыстан қол үзбей жүріп Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың биология факультетін сырттай оқып бітірді. Адамдық қасиеті мол, мінезі жұмсақ, ақырын жүріп анық басатын жас ұстаз алысты жақындата білді, ешкімді жатсынбады. Сондықтан біздің ұстазымыз деп құрмет тұтатын шәкірттерінің көптігі ешкімді таңдандырмайтын. Осында жүріп ақсулық азамат Оралхан Оразбайұлымен танысты. Жас-жастың тілегі бір. Арман - мақсаттарын бір ортаға тоғыстырған екі жас отау құрды. Бастапқыда Ақсу ауданындағы Сәтпаев атындағы орта мектепте шәкірттерге биология пәнінен дәріс беріп, көп ұзамай жаңадан құрылған аудан орталығы - Лепсіде қызмет атқарды. Орекең ДОСААФ бірлестігін басқарса, Жеңіс әпкеміз №54 орта мектепте мұғалім болды.

Жалпы тіршілікке келген соң қамшының сабындай ғана ғұмырында айналаңа, өзінді қоршаған ортаңа қолыңнан келгенше нұрынды шашып, жақсылық істеп өткенге не жетсін! Ізгілікті еңбегің, қамқорлығың және біреуге жасаған мейірімді ісің үшін әлдекімдерден марапат, алғыс күтуің күпірлік болады. Жеңіс апай шапағатты ісінің шуағы өзіне қайтпаса да ұрпағына бақ болып қонарын ерте сезінгендер қатарында еді. Сондықтан отбасының шамшырағын жақты, айналасына жұғымды болды, жүрек жылуын баршаға тең бөлді.

Ерінің қызмет бабымен 1968 жылы Сарқан ауданына келіп, мектеп-интернатта ұзақ жыл тәрбиеші, ұстаздық еткен апайды шәкірттері де, әріптестері де ұмыта қойған жоқ.

Оқушылардың тіл тазалығына әдебиет пен тіл мамандары ғана жауапты деген түсінік бар. Жеңіс апай оқушылардың ой құрап, дұрыс сөйлей алуына барлық пән мұғалімдері атсалысуға міндетті деп есептейді. Мұны бастауыш мектептен мықтап қолға алған мақұл. Табиғаттануды, географияны, жаратылыстануды, та-

рихты былай қойғанның өзінде есептің қорытындысын айтуға да тіл, дұрыс сөз құрамы, сауатты құрылған сөйлем керек.

Осынау ұшқары пиғылдың орын тепкендігінен болар мектеп тарапынан балаларды дұрыс сөйлеуге үйретуде жан-жақты бақылау жетіспейді. Егер бұл мәселені әр мұғалім назарда ұстаса жағдай мүлдем басқаша болар еді. «Өнер алды – қызыл тіл» деп халқымыз бекер айтпаған. Өркімнің дарынды ақын, майталман жазушы болуы шарт емес, бірақ өз ойын, пікірін жатық жеткізу, ана тілдің асыл қорын дұрыс пайдалану – азаматтық парыз, өмірлік қажеттілік.

-Осы қасиет ана сүтімен, ата-ана тәрбиесімен, сосын мектеп қабырғасында даруға тиіс деп білемін,-дейді Жеңіс Мансұрқызы. -Не ата-анасының, не оқытқан мектебі ұстаздарының тіл ұстартуға көңіл бөлмеуінің зардабын көп жайдан байқаймын.

Рас айтады, бұл кісінің жаратылыстану сабағы тіл арқылы ой-өрісті едәуір танытуды қалайтын пән. Бір-екі ауыз сөзбен жауап беруі қиын. Ал оқушылардың біразы жауап бергенде ақсақ қойдай шоқандап барып тұрып қалады. Сөздерінің басы бірікпейді. Өрі-беріден соң не айтып, не қойғанын білмейді. «Мұның қалай?» деген сұраққа «Тақырыпты оқыдым, білемін, бірақ айта алмай тұрмын»,-дейді. Дұрыс сөйлеуге жастайынан бейімделмегені тайға таңба басқандай айқайлап тұрады.

Жеңіс апай шәкірттер тарапынан «Тамаша ұстаз» деген баға алған жан. Оның себебі бұл кісі әділ баға қоятын оқытушы болған көрінеді. Бұл мәселеге үстірт қарауға әсте болмайды. Бағаны өсіріп қойсаң – бала жаман үйренеді. Кемітіп қойсаң – бара-бара оны ашындырып аласың. Өмірде бұның екеуі де кездеседі. Бірінші жағдайда сынып жетекшісі араға түседі. Немесе бала «Басқа сабақтан жақсы едім, сіздің пәннен осы жолға кеңшілік жасаңызшы» дейді.

Екінші жағдай қандай ретте кездеседі? Айталық, бала әлденеге кінәлі. Тәртібі төмен, қиқар, тағы сол сияқты кемшіліктері бар. Бірақ сабаққа әбден дайындалып келген, жауабы жақсы. Бұл арада әділ бағасын алуы керек. Жеңіс апайды директоры да, оқу ісінің меңгерушісі де осы принципін айнаыта алған жоқ.

-Оқушының бойындағы кемшілікті де, артықшылықты да көре білу, бағалай білу – ықпалды тәрбие құралы,-дейді ардагер ұстаз.

Ұстаз өз мамандығына сай мұратына жетті. Қаншама жылдар зейнет демалысында болса да шәкірттері амандасып, хабарласып тұрады. Ұстаз бақыты осы емес пе?

-Мінезіңіз жібектей, алақаның аялы,

Жүзіңізге қарасак, бақыт құшақ жаяды.

Мақтаныш боп ұлтыңның

маңдайына жазылған,

Болған шығар өзіңдей Қыз Жібек пен

Баяны.

Сарқыраған өзені Сарқан жердің

төсі құт,

Орекендей ардақты азаматпен

қосылып.

Құшағына шаттықтың келесіздер

малынып,

Тәрбиелі, тәлімді ұрпақтарды өсіріп.

Жанар, Анар, Гүлнaрың

тербетілген деп шынар,

Сембек пенен Серігің үміт күткен

жақсылар.

Күйеубала, келінді құдай өзі қосыпты,

Немерелер маңдайын иіскегіңіз

кеп тұрар.

Арманы мен ананың бәрін,

бәрін білеміз,

Сыртыңыздан сүйсініп тілектес

боп жүреміз.

Бар жылуын аямай, айналаға төгетін,

Ана менен аспанда жарқыраған

Күн егіз

Теңеу айтсақ өлеңмен осындайсыз

міне, Сіз,

Ақ ниетпен ағылды жүректегі

жырымыз.

Жеңіспенен ілесіп жеңіп шығар

жыл сайын,

Ортамызда әрдайым аман-есен

жүріңіз,-дейтін еді мерейтойыңызда

сіңліңіз Райханның өмірлік жолдасы ақын

Мұратбек Оспанов.

Бұл күндері Оралхан аға мен Жеңіс апамыз үш қыз, екі ұлдың қанаттанып, ұядан ұшқанына куә болып отыр. Осы бес баладан немере-шөбере сүйіп, уақытының көбін Жеңіс Мансұрқызы Алматыда немерелерінің ортасында өткізеді. Бар арманы - ұрпақтарының кезінде өздері көксеген биіктерге жетуі. "Өзің өлтірмейді, жат жарылқамайды", "Кең болсаң кем болмайсың" дегенді ескеріп, көңілге тоқыған Жеңіс әпкеміз артық-кемді онша жіпке тізбейді. Сол себептен де аралас-құралас болған айналасындағы адамдар Даутовтар отбасының алтын діңгегіне айналған осы адамды қадірлеп, қастерлеуден танбайды.

- Еліміз аман, жеріміз бүтін болсын. Қалың елдің ортасында көктеп-көгеруге жазсын,- дейді Жеңіс Мансұрқызы.

Біз де осы тілекті құп алдық. Жазба-мызды жүрежарды жыр-лебiзiмiзбен қорытындылаймыз:

Өркендеп өріс -өресі,

Құт қоныс болған жері осы.

Оралхан ағам жан жары,

Жекеңнің биік белесі.

Сенімнің жүгін сезеді,

Ауырлығына төзеді.

Қайын жұртына жаққан-ды,

Бақытты дейтін өз елі.

Жанатын кезде жана алды,

Тұрмыстан опа таба алды.

Өзіне сенген әулеттің,

Кірпіші болып қаланды.

Бүгінде әже көшелі,

Мерейі күнде өседі.

Ұрпақтың көрген қызығын,

Ата-ана бағы бес елі.

Жетелер жылдар ілгері,

Шаттыққа толы күндері.

Аңыз боп қалсын артына,

Бақытты ғұмыр сүргені.

•А.Құнанбаев - 180

«Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев айтқандай, ұлы дала туғызған бірегей тұлға – Абай Құнанбайұлы.

Абай Құнанбайұлы феодалдық және отаршылдық езгінің күшеюімен, хандықтардың жойылуымен және жаңа биліктің орнауымен ерекшеленетін өте қиын және аласапыран уақытта өмір сүрді. Билік үшін бітіспес күрес, "бөлу және жеңу" қағидаты қолдайтын араздық болды. Бірақ жергілікті және отаршыл биліктің барлық күш-жігеріне қарамастан, қазақ көркем әдебиеті мен прогрессивті қоғамдық ой қарқынды дами бастады. Осы уақытта ұлттық реалистік әдебиет дүниеге келді, оның бастауында Абай Құнанбайұлы тұр. Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде

азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді.

Жастардың мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай: Тез үйреніп, тез жайма, Жас уақытта көңіл – гүл», – деп жазған.

Абайдың философиялық, көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Қазақстан бүгінде тәуелсіз мемлекеті, айқын бағыт-бағдары, қайратты да қажырлы, білімді ұл-қыздары, әлемдік серіктестері мойындаған табыстары

бар екенін дүниенің төрт бұрышына мойындатты. Бұл – ізденістердің, тынымсыз еңбектің, төгілген маңдай тердің, өнерлі азаматтарының өнімді де бірлікті тірлігінің нәтижесі. Абай атамыз үшінші қара сөзінде: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынынын, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Нәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді» – дейді.

Абай-жазбаша қазақәдебиетінің негізін

қалаушы. Қазақ верификациясының негізгі қағидаттарын ұстана отырып, Абай ана тілінің мүмкіндіктерін кеңінен қолданудың жаңа жолдарын ашты. Абай өлеңдері қазақ поэзиясын жанрлық жағынан да бай қылды. Абай сонымен қатар халық музыкасының композиторы, білгірі және білгірі болған. Абай танымдық ойлаудың жаңа жүйелерін әзірледі, Шығыспен Батыс мәдениеттері арасындағы көпірге айналды, қазақ мәдениетіне арабтардың, парсылардың, орыстардың, немістердің, поляктардың, венгрлер мен ағылшындардың рухани жетістіктерін әкелді. Оның "мейірімді, прогрессивті қарым-қатынас, адамдар арасындағы достық қарым-қатынас өркениетті тудырады" деген сөздері бүгін де бұрынғыдан да өзекті.

Сымбат АУХАНОВА,
"Жетісу облысының "Тіл" оқу әдістемелік орталығы" КММ Сарқан аудандық филиалының оқытушысы.

Жанында жүр жақсы адам

Жаны қиналған жанның жалғыз арашашысы ақ желеңді абзал жандар. Осы абройлы атаққа кір келтірмей бар ғұмырын дарыны мен білімін ұштастырып талай ажалмен бетпе-бет келіп арашашы болған Ж.Бөлебаев, М.Қайранбаева, Ж.Айтқожина, М.Тоқтыбаева, Б.Бокушева, А.Бокушева сынды білікті зейнеткер дәрігерлерімізбен қоса өз ісін жетік білетін медбикелеріміз А.Исаханова, Б.Құрманғалиева, А.Дүйсембаева, А.Сәрсенбаева, Л.Оразбаева, акушерка А.Қасымбекова, санитаркалар Д.Мұхаметқалиева мен С.Иманбекова сияқты мамандарымыз ауылымызда жетерлік. Бәрі де алдына келген науқасқа сергек қарап, олардың көңілінен шығуға тырысады. Осы орайда «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» - дегендей ауылымыздың медициналық пунктінің медбикесі Исаханова Айнагүлдің халыққа көрсетіп жүрген қалтқысыз еңбегін ерекше атап өтуге болады. Болмысынан кеңпейіл ақжарқын Айнагүл осы медициналық пунктте 40 жыл абыройлы қызмет етіп келеді. Ақ желеңді абзал жан Айнагүл Көктерек ауылында 1963 жылы жиырма үшінші қазанда қарапайым отбасында дүниеге келеді. Ата-анасы да ауылға еңбегі сіңген еңбек ерлері. Айнагүл 1970 жылы 1 сыныпқа қабылданып, орта мектепті 1980



жылы бітіріп Талдықорған қаласындағы медициналық училищенің бала дәрігері мамандығы бойынша оқуға түседі. 1985 жылы қолына дипломын алысымен туып өскен өлкесі Лепсі елді мекеніндегі Бөрлітөбе аудандық ауруханасының балалар бөлімшесіне жұмысқа орнала-сады. Біраз тәжірибе жинақтап алысымен өзінің туып өскен ауылы Көктерекке ауылына тұрмыс құрып, ауысады. Дәрігерлікке қадам басқан алғашқы

күннен бастап өз мамандығына деген сүйіспеншілігін еш жоғалтқан емес. Содан бері үлкенге де кішіге де қызмет көрсетіп келеді. Тәжірибелі дәрігерлер қатарында үнемі жаңалықтарды қалт жібермей айлық курстарға қатысып, білім-білігін жетілдіріп отырады. Күн – түн демей шақырған жерге құрақ ұшып барып жағдайын біліп, тиісті ем-домын жасап жүрген абыройлы еңбегі елеусіз қалған емес. Әр жылдары ауыл, аудан әкімдерінің «Алғыс хатымен» марапатталып келеді. Жолдасы Құмархан да ауыл азаматы мал шаруашылығы саласында абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Дүниеге әкелген көзінің қарашығындай екі қарғасы Қаламқасы мен Қасымханы жоғарғы оқу орнын бітіріп, еліне елеулі еңбек етуде. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, зейнет жасына толған Айнагүл бақытты ана-әже атанып, немерелерінің ыстық ықыласына бөленуде. Жасында көрген бейнеттің қартайғанда зейнетін көр демей ме осындай мерейлі күнде мереке қарсаңында өзіңдей білікті мамандар, жақсы жандар көп болса екен, зейнетінің қызығын көріп, отбасының ортасында бақыттың баянын, өмірдің ұзағын, мәуелі бәйтеректей өсіп-өніп, қайда болсаң да аман-есен болып, бар арман- тілегінің орындалуын тілеймін.

Г. КАСЕНОВА,
Көктерек ауылы.

•Табиғат

Орманды өрттен қорғау баршаның міндеті

Орманды қорғау - орман шаруашылығының ең маңызды шараларының бірі. Соның ішінде өрттен сақтау, орман өрттерінің алдын-алу, орманды заңсыз кесуді болдырмау негізгі міндет болып табылады. Орман өрттерінің көбі орман қорына жапсарлас орналасқан шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының жайылымдық, шабындықтарда аңыздық және өзге де өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болады. Бұл жағдай тегіс жерлерде ғана емес, таулы аймақтарда да қайталанатын. Сондай-ақ орман өрттері демалушылар мен малшылардың, жергілікті тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауынан да туады.

Қар кете бастаған кезден өрт қауіпті маусым басталады. Ең өрт қауіпі жоғары мезгіл - көктем. Орман өрттерінің қауіпі наурыз, сәуір, мамыр айларына келеді. Күз мезгілдерінде орманның тұтанып кету қауіпі өршиді. Сондықтан, көктем мен күз мезгілдерінде өрттің алдын-алу шараларын күшейту, дайындық жұмыстарын уақтылы жасау қамтамасыз етілгені дұрыс.

Орманды өрттен қорғау мақсатында барлық сала өкілдері бірігіп (мемлекеттік өрттен қорғау қызметі, аудандық және ауылдық әкімдіктер, мемлекеттік орман күзеті, полиция және т.б.) ауқымды жұмыс істегені жөн. Өрттің шығуына себепкер болған кінәлі адамдар мемлекеттік мекемелер тарапынан жауапқа тартылып, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс. Орман Кодексінің, өрттен қорғау ережесінің қатаң сақталуын қолға алу керек. Ормандағы өрттердің негізгі шығу себебі орман қорына жапсарлас орналасқан шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының жайылымдық, шабындықтарда аңыздық және өзге де өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болады.

Е. АБДУЛЛАЕВ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП»
Сарқан орман тұқымбағының
№12 айналымының мем.
инспекторы.

Пожар и его подготовка

Лес – несущая конструкция в экологических системах земли. Лес – это кислород, сохранение влаги, в первую очередь уже ставшей дефицитом питьевой воды. Лес – это среда, где обитает огромное количество животных. И наконец, «второй дом» человека.

Лесной пожар – это стихийное, неуправляемое распространение огня по лесным площадям. К сожалению, основной причиной возникновения лесного пожара является деятельность человека. Также причинами пожаров в лесах становятся грозные разряды,

сельскохозяйственная деятельность (сенокос), палы в условиях жаркой погоды, но все же основная причина несчастия – легкомыслие людей.

Сухая прошлогодняя трава легко загорается от любой искры, будь то брошенная сигарета или не потушенной вовремя костер. А иногда траву поджигают специально из бальовства, или из-за расхожего поверья, что после пала новая трава вырастает быстрее, что верно лишь отчасти, ведь при пожаре в почве ускоряется превращение органических веществ в неорганические. Травяные палы быстро

распространяются, особенно при сильном ветре, и остановить такой пожар зачастую непросто. Во многих случаях травяные палы становятся причиной более катастрофических пожаров – лесных!

В лесных пожарах сгорают гигантские площади лесов, уничтожаются уникальные экосистемы. Кроме того, лесной пожар представляет серьезную опасность для людей и животных, уничтожаются сооружения, а в отдельных случаях и населенные пункты. Поэтому в самые «горячие» месяцы практические все организации лесной сферы переключаются на борьбу с пожарами.

Т. АУБАКИРОВ,
мастер леса РГУ «Жонгар -
Алатауский» ГНПП.

Жаңалыққа жаны құмар ұстаз

"Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі" -деп Ыбырай Алтынсарин бекерге айтпаса керек. Бүгінгі уақыт ақпарат көздері жан-жақты дамыған, интернет желісі кеңінен тараған электронды оқулықтар арқылы да қажетті ақпараттар алып, оқушының өз бетімен ізденуіне жол ашылған кезең. Заман талабына сай осындай жауапкершілігі мол, өзіне де өзгеге де талап қоя алатын ұстаздардың бірі деп Богатикова Жанат Каметайқызын айтар едім.

Қазақ сыныптарына орыс тілінен сабақ беруді халықтық педагогикамен байланыстыра жүргізу оның басты мақсаты. Оқушы өзінің ана тілімен ұлттық құндылықтары мен қоса өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тырысады. Қос тілді қатар ала отырып оқушылардың жүрегіне адамгершілік, инабаттылық қасиеттердің терең бойлауына ерекше мән береді. Жанат сабағында үнемі жаңа оқу элементтерін пайдаланып, түрлендіріп өткізетін іздемпаз ұстаз.

Богатикова Жанат Каметаевна 1964 жылы Көктерек ауылында туып өседі. 1993 жылы Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров атындағы педагогикалық институтты мектеп жасына дейінгі педагогика және психология оқытушысы мамандығы бойынша, ал 2005 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Институтыны орыс тілі мен әдебиетінің мұғалім мамандығы бойынша бітіреді. 1981 жылы М.Маметова атындағы орта мектебінде алғашқы еңбек жолын бастауыш сынып мұғалімі болып бастайды. 1999 жылдарда валеология және еңбек пәнінің

мұғалімі, 2003 жылдан қазіргі уақытта орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Мұғалімдік жұмыстың қыр-сырын толық меңгерген теориялық және әдістемелік тұрғыдан даярлығы мол шығармашылықпен жұмыс жүргізіп келді. Оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын қатар ұйымдастыра отырып, сабақтың әр минутын тиімді пайдалануға, еңбектенуге үйрете біледі. Әдістемелік жаңалықтарды қалт жібермей «жазба жұмыстары арқылы оқушылардың қабілетін арттыру» атты өзекті мәселесі төңірегінде жемісті еңбек етті.

Аудандық әдістемелік кеңес отырысында: «Использование методов наглядности на уроках русского языка» тақырыбы бойынша оқып, өз іс-тәжірибесімен бөлісті. 2011 жыл халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының материалдар жинағына «Формирование коммуникативной компетенции учащихся на уроках русского языка» тезисі жарық көрді. 2012 жылы «Игровые технологии на уроках русского языка как средство развития познавательной активности у



школьников» әдістемелік нұсқаулары ұсынылды. 2012 жылы іс-тәжірибесі Республикалық ғылыми-әдістемелік баспа арқылы «Ел назар» журналында КВН «Ты наш друг русский язык» атты сыныптар тыс сабақ үлгісі мен 2013 жылы «Білім шапағаты» газетінде «Имя существительное» тақырыбында сабақ үлгісі жарияланды. Көргені мен көңіліне түйген көп тәжірибелі ұстаз оқыту мен тәрбиелеуді шебер ұйымдастырудың арқасында әріптестерінің құрметіне бөленіп қана қоймай, ата-аналар мен оқушылардың да арасында зор құрметке, беделге ие. Еңбегі ескерусіз қалмай бірнеше мәрте аудандық марапаттарға, «Нұр Отан»

партиясының Алғыс хаты мен 2011 жылы аудандық жыл мұғалімі байқауында Алғыс хатпен марапатталды. 2009 жылы «Ең үздік сынып жетекшісі» байқауынан 3 орын, 2012 жылы «Жыл мұғалімі -2012» байқауынан мадақтама. 2012 жылы облыстық Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің Алғыс хатымен марапатталып үлкен жауапкершілікпен сенім білдірілді. Қашанда өз ісіне тиянақты, жинақы, ашық-жарқын тік мінезімен, әріптестерінің ортасында ерекше орын алады. Отбасында аяулы ана екі ұл бір қызды оқытып жеткізіп құтты оқырдарына қондырып отыр. Қыздары Екатерина Алматы қаласында КАЗИТУ-ды грантпен оқып, магистратураны қызыл дипломмен бітіріп, бүгінде банк саласының қызметкері. Іздемпаз ұстаз заман ағымынан қалмай оқу мен оқытудың жаңа бағдарламасы бойынша Кембридж Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесіне қолдану білдіріп үш айлық курсты да оқыды. Педагог-зертеуші бүгінде 60-тың асқарынан асып зейнет жасына жетіп отыр. Айналасына шуағын шашып тұрған салиқалы шақта әріптестері мен шәкірттеріне тағылымы мен тәжірибесін көрсетіп келеді. Қашан көрсең алып ұшып, шәкірттерінің қамы үшін тынымсыз жүгіріп жүреді. Оқу жылының аяқталуымен қатар келген әріптесім Жанат апайға еңбегіңіздің жемісі-зейнет жасыңыз құтты болсын демекпін!

Г. КАРАШЕВА,
Көктерек ауылы М.Маметова атындағы орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі.

Экологиялық білім күні

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – қоршаған ортаны қорғау және экологиялық тұрақтылықты сақтау. Осыған байланысты жыл сайын 15 сәуірде Қазақстанда Экологиялық білім күні аталып өтеді. Бұл күн – табиғатқа деген сүйіспеншілікті, экологиялық сауаттылықты арттыруға арналған маңызды дата.

Экологиялық білім – тек табиғатты қорғау шаралары ғана емес, сонымен қатар әрбір адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты дамыту. Бүгінгі күні өндірістің артуы, урбанизация, ресурстардың сарқылуы және климаттың өзгеруі сияқты мәселелерге қарсы тұру үшін әрбір азаматтың экологиялық сауатты болуы аса маңызды.

Экологиялық білім күні аясында еліміздің мектептерінде, колледждер мен университеттерінде және «Жоңғар Алатау» МҰТП-де түрлі танымдық іс-шаралар, көрмелер, семинарлар, экологиялық акциялар мен сенбіліктер ұйымдастырылады. Мұндай шаралар оқушылар мен жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, оларды қоршаған ортаны аялауға үйретеді.

Атаулы күн тек білім беру ұйымдарында ғана емес, жалпы қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін де ерекше рөл атқарады. Себебі табиғатты қорғау – баршаға ортақ міндет. Күнделікті өмірде суды үнемдеу, қалдықты сұрыптап тастау, ағаш отырғызу сияқты қарапайым әрекеттердің өзі – үлкен өзгерістерге бастар қадам.

Экологиялық білім күні – тек ақпарат алу емес, нақты әрекетке көшуге, табиғатты аялауға үндейтін маңызды күн. Әрқайсымыз табиғатқа жанашыр болсақ, болашақ ұрпаққа таза ауа, мөлдір су және жасыл өлем сыйлай аламыз.

А. ЖАУЫНГАРОВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Жетысу – одна из неповторимых частей казахской земли. Не зря эту землю называют «золотой колыбелью». Уроженец Жетысу, Великий Джамбул, в своих стихах с гордостью воспевал его несравненные красоты:

...В орлиных просторах большой высоты,
Как чалые кони, вздыбились хребты.
Над всем Жетысу поднялся Алатау,
Исполнен величия и красоты...

Природный потенциал региона Жетысу для экологического туризма

Жетысу – уникальный историко-географический регион на юго-востоке Казахстана, который раскинулся с севера на юг на 900 километров, с запада на восток – на 800 километров. На северо-востоке Жетысу находятся озера Сасыколь и Алаколь, на севере озеро Балхаш, Джунгарские Алатау – на востоке, на юго-западе – Аспантау (горы Тянь-Шань). Семиречье.

Регион Жетысу, расположенный в юго-восточной части Казахстана, является уникальной природной территорией, сочетающей разнообразные природные элементы и экосистемы. Его природные характеристики создают отличные условия для развития экологического туризма. Регион Жетысу, расположенный в юго-восточной части Казахстана, представляет собой уникальный уголок природы, обладающий огромным потенциалом для развития экологического туризма. Его разнообразные природные ландшафты – от горных цепей и степей до озер и лесов – делают этот регион одним из наиболее привлекательных для тех, кто ищет экологически чистые и нетронутые человеком маршруты. В дополнение к природному богатству, Жетысу обладает значительным биоразнообразием, включая редкие и эндемичные виды растений и животных, которые могут стать важной частью экотуристических программ.

Регион располагает многочисленными природными памятниками, такими как национальные парки, заповедники и природные резерваты, которые обладают не только эстетической, но и экологической ценностью. Экологический туризм в Жетысу может стать важным инструментом для устойчивого использования этих при-

родных ресурсов, сохраняя экосистемы и одновременно способствуя развитию местной экономики. С учетом глобальных тенденций роста спроса на экологически чистые и образовательные туры, Жетысу имеет все предпосылки для становления крупным центром экотуризма в Центральной Азии. Однако для эффективного развития экотуризма в регионе необходим комплексный подход, включающий создание устойчивой инфраструктуры, развитие туристических маршрутов, а также повышение осведомленности как среди местных жителей, так и среди туристов о важности охраны окружающей среды.

Таким образом, природный потенциал Жетысу для экотуризма представляет собой важную основу для будущего роста этого сегмента туристической отрасли, что может способствовать не только экономическому, но и экологическому благополучию региона.

Экологический туризм имеет значительный потенциал:

Регион Жетысу обладает природными и культурными ресурсами, которые могут быть эффективно использованы для экотуризма, при условии создания необходимых условий.

Необходимость улучшения инфраструктуры и образования:

Для успешного развития экотуризма требуется развитие инфраструктуры (дороги, гостиницы, экологичные маршруты) и повышение осведомленности среди местных жителей и туристов о важности устойчивого туризма.

Развитие экотуризма может стимулировать экономический рост региона, создавая рабочие места и способствуя сохранению природных ресурсов, если



будет учтена экологическая устойчивость на всех уровнях.

Для успешного развития экологического туризма в регионе необходимо продолжить работу по созданию экологически чистой инфраструктуры, активному вовлечению местных жителей и информированию туристов о принципах устойчивого туризма. Это поможет сохранить природные ресурсы и одновременно развивать туризм как источник экономического роста региона.

Проведенное мной исследование подтвердило, что Жетысу обладает всеми необходимыми условиями для становления одним из ведущих регионов Казахстана в сфере экологического туризма. Богатое природное и культурное наследие, разнообразие ландшафтов и биологических видов создают уникальную платформу для устойчивого и экологически ориентированного туризма.

Однако для достижения этих целей необходима активная работа на государственном и местном уровнях по улучшению инфраструктуры, внедрению природоохранных мер, а также формированию позитивного имиджа региона на туристическом рынке. Важно не только сохранить богатства Жетысу, но и сделать их доступными для изучения и восхищения, не нанося вреда природе. Только в этом случае экотуризм станет эффективным инструментом развития региона и сохранения его природного наследия для будущих поколений.

Р. ПАНФИЛОВА,
Сарканский многопрофильный колледж.

АМАНБӨКТЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ А.ҚЫДЫРБАЕВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Құрметті Аманбөктер ауылының сайлаушылары!

Мен, Қыдырбаев Айбол Төлегенұлы, 1974 жылы 27 қаңтарда Алматы облысы, Сарқан ауданы, Аманбөктер ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары. 31 жылға жуық істеген еңбек өтілімдегі тәжірибемнің арқасында округте көтерілген мәселелерді шешу жолдарын білемін.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- ▶ Округтегі ішкі көшелерді асфальттау;
- ▶ Аманбөктер ауылы Ы.Алтынсарин көшесінің жарық шамдарын орнату;
- ▶ Аманбөктер ауылынан Баянбай елді мекеніне қарай бағытта шығатын жол мен көпірді күрделі жөндеуден өткізу;

- ▶ Аманбөктер ауылына демалыс саябағын салу;
- ▶ Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді.
- ▶ Округ тұрғындарына жайылым жер қарастыру.

АТАЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖОСПАРЫМ:

Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (50% 5 км). Аталған мәселені шешу үшін бірқатар жұмыстар жасалу қажет. Округке қарасты Жалеп, Ы.Алтынсарин секілді көшелердің сапасы сын көтермейді. Аталған мәселенің жобаларын жасату. Жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу. Көше жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілсе, тұрғындардың тұрмыс – тіршілігі одан әрі жақсара түседі.

Көше шамдарын орнату.

Ауыл ішіндегі қауіпсіздіктерді арттыру үшін көше шамдарын орнату маңызды. Осы мақсатта округтегі көшелерге шамдар орнату, жарықтандыру жұмыстарын жүргіземін.

Аманбөктер ауылымен Баянбай елді мекенін қатынастыратын көпірді және жолды күрделі жөндеуден өткізу.

Аманбөктер ауылына Баянбай елді мекеніне шығатын көпір апатты жағдайда. Аталған көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Аманбөктер ауылына демалыс саябағын салу.

Аманбөктер ауылының тұрғындарына арналған демалыс саябағын салуға тиісті жұмыстар атқарамын.

Округтегі электр жүйелерінің тозуы

Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді. Аманбөктер, Баянбай ауылдарындағы трансформаторларының электр тарату күшін көбейту мақсатында жаңарту жұмыстарын жүргіземін.

Округ тұрғындарына жайылым жер қарастыру.

Елді мекендегі халықтың басты бағыты мал шаруашылығы болғандықтан мал жайылымдары аз, осы мәселені шешуге үлес қосамын.

Қорытындылай келе, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық және жол инфрақұрылымының өзекті мәселелері шешіліп, халықтың жағдайының сапасы артады. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі жақсаратын болады.

Алдағы 4 жылда Аманбөктер ауылы дамушы ауыл шаруашылығы өңірі ретінде позициясын нығайту бойынша және халық табысының ұлғаюына жұмыла жұмыстар жасалатын болады.

Менің барлық жұмысым жерлестерімнің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады және осы мәселелерді қамтамасыз етуге бар күш-жігерімді саламын.

ЕКІАША АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ Д.ДЮСЕМБЕКОВТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Екіаша ауылының сайлаушылары!

Мен, Дюсембеков Даулет Адильжанович, 1986 жылы 28 наурызда Алматы облысы, Сарқан ауданы, Екіаша ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары. 18 жылға жуық істеген еңбек өтілімдегі тәжірибемнің арқасында округте көтерілген мәселелерді шешу жолдарын білемін.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- ▶ Округтегі ішкі көшелерді асфальттау;
- ▶ Таза ауызсу құбырын жүргізу;
- ▶ Округтегі Аблайхан, Жастар, Жансүгіров көшелеріне көше жарық шамдарын орнату;
- ▶ Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді.

▶ Округ тұрғындарына қосымша жайылым жер қарастыру;

▶ Тополевка ауылына медициналық пункт салу;

▶ Екіаша, Тополевка ауылдарын газдандыру;

▶ Екіаша ауылдық округі бойынша көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.

АТАЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖОСПАРЫМ:

Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (21% 9 км)

Аталған мәселені шешу үшін бірқатар жұмыстар жасалу қажет. Округке қарасты Жастар, Әулие, Жансүгіров секілді көшелерін асфальттау. Жобалық-сметалық құжаттарын әзірленіп, сараптама қорындысына сұраныс берілді. Көше жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілсе, тұрғындардың тұрмыс – тіршілігі одан әрі жақсара түседі.

Таза ауызсу құбырын жүргізу

Жобалық-сметалық құжаттарын әзірленіп, сараптама оң қортындысы алынды, Республика бюджетінен қаражат қарастыру жұмыстарын жүргізу.

Көше шамдарын орнату

Ауыл ішіндегі қауіпсіздіктерді арттыру үшін көше шамдарын орнату маңызды. Осы мақсатта округтегі Аблайхан, Жастар, Жансүгіров көшелерге шамдар орнату жарықтандыру жұмыстарын жүргіземін.

Округтегі электр жүйелерінің тозуы

Округтегі электр жүйелерінің тозуы, жағдайы сын көтермейді. Екіаша, Тополевка ауылдарындағы трансформаторларының электр тарату күшін көбейту мақсатында жаңарту жұмыстарын жүргіземін.

Округ тұрғындарына жайылым жер қарастыру

Елді мекендегі халықтың басты бағыты мал шаруашылығы болғандықтан мал жайылымдары аз, осы мәселені шешуге үлес қосамын.

Денсаулық саласын жақсарту мақсатында Тополевка ауылында медициналық пункт салу. Жобалық-сметалық құжаттарын әзірленіп, сараптама қорындысына сұраныс берілді

Екіаша, Тополевка ауылдарын газдандыру жобалау құжаттары әзірленуде.

Көгалдандыру жұмыстарын арттыру мақсатында Екіаша ауылдық округі бойынша 2026-2027 жылдары орталық көше бойына 1000 дана қылқан жапырақты ағаш отырғызу.

Қорытындылай келе, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық және жол инфрақұрылымының өзекті мәселелері шешіліп, халықтың жағдайының сапасы артады. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі жақсаратын болады.

Алдағы 4 жылда Екіаша ауылы дамушы ауыл шаруашылығы өңірі ретінде позициясын нығайту бойынша және халық табысының ұлғаюына жұмыла жұмыстар жасалатын болады. Округ бойынша инвестиция тарту. Ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету.

Менің барлық жұмысым жерлестерімнің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады және осы мәселелерді қамтамасыз етуге бар күш-жігерімді саламын.

• Заң және тәртіп

Бұзылған құқықтар қалпына келтірілді

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің және оның аумақтық департаменттерінің қызметінің басым бағыттарының бірі – Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу барысында олардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Осыған орай, Департамент тарапынан мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізулуде және азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері талданады.

Аталған жұмыс мемлекеттік қызметтер көрсету барысында туындайтын мәселелерді анықтап, оларды жоюға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы бағытта, жұмыс шеңберінде мемлекеттік қызмет алушының өтінішін қарау барысында «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі мен тәртібінің бұзылғаны анықталды.

Өтінішті қарау нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, екі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 465-бабының 1-бөлігіне сәйкес бір әкімшілік іс қозғалды.

Аталғанының негізінде, Егер Сіз мемлекеттік қызметтерді алу барысында кедергілер мен бюрократиялық қиындықтарға тап болсаңыз, Департаментке жүгінуге құқылысыз.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

Жетісулық шекарашылар ҚАЗТЕСТ сынағын тапсырды

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамы ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша тестілеуден сәтті өтті. Бұл шара мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтап, шекарашылардың тілдік құзыреттілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

ҚАЗТЕСТ жүйесі – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген, қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған ұлттық жүйе. Тестілеу барысында тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылары бағаланып, қатысушылардың тілді меңгеру деңгейі анықталады.

Департамент әскери қызметшілері тестілеуге белсенді қатысуы мемлекеттік тілге деген құрмет пен жауапкершілікті көрсетеді. Мұндай шаралар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын арттырып, тілдік біліктілігін нығайтуға ықпал етеді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

В ЖЕТІСУ ВЫЯВЛЕНЫ НАРУШЕНИЯ СО СТОРОНЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу, в рамках рассмотрения проектов постановления акимата Ескельдинского и Алакольского района устновлено, что у ГКП на ПХВ «Карабулак-жылу» и «Алаколжылу», виды деятельности не соответствуют Постановлению Правительсва №1095 от 28.12.2015г.

Кроме того, у данных субъектов рынка отсутствует согласие антимонопольного органа, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесы предписания об устранении допущенных нарушений.

В настоящее время предписания исполнены в полном объеме.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИСІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті, "Жетісу" ӨКК" АҚ іс-әрекеттерінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарын бұзу белгілері бар екенін анықтады. Бұл өз кезегінде нарық субъектісіне белгілі бір сатушылардан (өнім берушілерден) тауарларды бірінші кезекте сатып алу, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар өнімдерді жекелеген жеткізушілерге негізсіз жеңілдіктер беру фактілерін анықтады, бұл нарықта тең емес жағдайлар туғызды.

Анықталған бұзушылықтар негізінде Департамент "Жетісу" ӨКК" АҚ-ға тиісті хабарлама жіберді – нәтижесінде шарттарға артықшылықтарды жоятын түзетулер енгізілді.

Қосымша хабарлаймыз, "Жетісу" ӨКК" АҚ өңірдегі ӘМАТ бағасын тұрақтандыру бойынша функцияларды орындайды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті.

Жастар өнері сыйсінтті

Кезекті бір жиын өтіп жатыр. Бізді қайдам, жиналған оқушылар, студенттер селқостау, басқосудың мән-маңызына терең бойлай алмай отырғаны анық. Жиынның күн тәртібіне сай көрініс қойылуы тиіс екен. Қарауылтөбе орта мектебінің оқушылары ортаға шығып, «Кешір ана» атты қойылым қойды. Жарқын дауыстардан бұйығы отырған көпшілік серпіліп сала берді. Қазіргі таңдағы ене мен келін, бала мен ана арасындағы қарым-қатынасты кәнігі театр өртістерінше шынайы сомдап, ешбір жасандылықсыз жарқыраған жастардың өнері отырыстың мән-маңызын арттыра түскені даусыз. Жаһандану үрдісінің отбасы тәрбиесіне деген теріс әсерін жан-жақты көрсете білген жас өнерпаздарға жиылған жұртшылық ықыластана қол соқты.

Кейінірек «мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» демекші көрермендеріне терең ой салып, өзгеше әсер сыйлаған Қарауылтөбе орта мектебінің мұғалімі Асем Абзалбекованың жетекшілігіндегі 3 және 8,9,10 сынып оқушылары Сатбайұлы Абай, Қастай Кәусар, Нұрланқызы Шұғыла, Шәріпқали Нұрәлі, Құттыбек Дариға сынды жас өнерпаздар екендігін білдім.

Жалпы, театр – тәрбие бесігі. Театр – халықты, әсіресе жас буынды эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке, рухани құндылыққа тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Сондықтан адам жанының айнасы іспетті театр өнерін жандарына серік еткен осынау шәкірттер болашақтарынан үлкен үміт күттіреді.

Партия ЖЕҢІСХАН.



М. Жұмабаев атындағы орта мектебінің 1 «А» сынып оқушыларының шығармашылығынан

Менің мектебім



Менің атым — Ертай. Мен Мағжан Жұмабаев атындағы мектептің 1-сыныбында оқимын. Мектебім маған қатты ұнайды. Мұнда менің көп достарым бар. Мұғалімім өте мейірімді, бізге әріптерді, сандарды үйретеді.

Мен оқуды жақсы көремін. Таңертең мектепке асығып барамын. Мектепте түрлі қызықты сабақтар өтеді. Дене шынықтыру сабағында ойнаймыз, сурет сабағында сурет саламыз.

Мағжан Жұмабаев — ақын. Біз ол туралы сабақта оқып білдік. Мектебіміз осындай ұлы адамның атында болғанына қуаныштымын. Мен мектебімді жақсы көремін!

Ертай СЕРИКОВ.

Менің достарым

Сыныптастарым — достарым, бірге ойнаймыз әрдайым. Күліп-ойнап бәріміз, Күнде мектепке барамыз!



Айару ДЖАЙЫКОВА.

Мектеп

Мектепке мен асығамын, Әр таң сайын ашыламын. Оқу оқып шаттанып, Біліміме білім қосамын.



Мархаба НҰРДӘУЛЕТ.

Бүгін бүгін

Дүниежүзі 3 мамыр күні Күн күнін атап өтеді. Жаңартылған энергия көзін пайдалану мүмкіндігіне назар аудару үшін 1994 жылдан бастап жыл сайын Күн күні арнайы іс-шарасы айрықша аталады. Энтузиастар мен сала мамандары, табиғат сақшылары мен жанашырлары, жалпы қоғамдық ұйымдар бұл күні әр түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырады және күн энергиясын тиімді пайдалану мүмкіндігі туралы демонстрация өткізеді.

Күн күнінің тарихы басқалардың назарын жаңартылатын энергия көздеріне аудару мақсатында 1994 жылы Халықаралық күн энергиясы қоғамының еуропалық бөлімі алғаш рет өткізген шарадан басталады. Бұл күн жыл сайын 3 мамырда тойланып, мән-маңызы артып келеді. Мерекенің мәні кез келген мүдделі адамдар, ұйымдар бүкіл әлемде әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырады, оның мақсаты адамдарға Күннің мүмкіндіктерін және оның энергиясын көрсету болып табылады.

Осы орайда біздің «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері де жыл сайын күн күнін атап өтіп, бірқатар танымдық, тәрбиелік шаралар өткізеді. Атаулы күн аясында сан түрлі шаралар ұйымдастырылып, ағарту-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ ұлттық парк қызметкерлері тарапынан атқарылатын жұмыстарды да айта кеткім келеді. Олар арнайы шаралар аясында белгіленген аумақты браконьерлерден және заңсыз әрекеттерден қорғайды. Флора мен фаунаны зерттеу үшін ғылыми зерттеулер жүргізеді. Сонымен бірге экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізеді, экскурсиялар ұйымдастырады және табиғатты қорғаудың маңыздылығы туралы әңгімелейді. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлердің популяциясын қалпына келтіруге қатысады. Табиғаттың жай-күйіне мониторинг жүргізеді, ормандардың жай-күйін және жағалаудың тазалығын бақылайды. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасайды. Сонымен қатар, паркте өрттің алдын алу және жою жұмыстары белсенді жүргізілуде. Бұның барлығы ерекше табиғат байлықтары топтасқан осынау парк аумағындағы жан-жануарларды, өсімдіктерді келер ұрпаққа аманаттау бағытында жасалып жатыр.

Ч. КАИРБЕКОВ,

«Жоңғар Алатауы» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің Сарқан филиалының Тополевка орманшылығының 46 айналымының мемлекеттік инспекторы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, отбасына аяулы жар, ақылман әке, бауырларына асқар таудай аға, үлкендерімізге ізетті іні болып, әулетіміздің тірегіне айналған **Түсіпов Мұрат Төлеуұлы** мамырдың 20-сында 70 жасқа толды.

Еңбек жолын ел мен жердің игілігіне арнап, мемлекеттік қызметте абыройлы болып, қашан да қолға алған ісін тиянақты атқарып, қай қызметте жүрсе де тындырымдылығымен ерекшеленген парасатты азаматты төңірегі ел ағасы ретінде сыйлайды. Осы сый-құрметіңіз Сізді, аға, алғы күндерге жетелеп, бізге үлгі-өнеге болып, ғасыр жасқа қадам баса беріңіз!

Біздің тілек жүректі жарып ұшып,
Самал болып жетеді алып-ұшып.
Мерейлі жас шынында жетпіс деген,
Бас қосамыз Сізді іздеп сағынысып.
Өмір-өзен жол ашып, өткел берсе,
Сергек қалпы күні ертең сексен келсе.
Немере мен шөбере рахатын көр,
Мәнді ғұмырбаяның шектелгенше!



Ізгі тілекпен: Төлеу әулеті.

Жақсы құрбы, аяулы ана, отбасының алтын діңгегі **Майра Исмаханқызы Көкбаеваны** мамырдың 23-індегі туған күнімен құттықтаймыз!



Асыл жары Амантайдың аманатына адал, балалары Егемен мен Тоғжанның бақытына бағбан, көзге көрінген бес немересіне қамқор Майра құрбымыздың денсаулығы мығым, бақыты баянды болсын!

Бүгінгі таңда ұлы әке жолын жалғастырған ауданға белгілі кәсіпкер, қызы отбасы бақытымен ажарланған анасының көз қуанышы, өзі болса қайырымдылықпен шұғылданып, әлеуметтік жобаларға белсене атсалысады.

Тойыңды қуанышпен көмкереміз,
Күліңіз, шаттаныңыз, еркелеңіз.
Шөбере сүйіп әлі, шөпшек сүйіп,
Жыл сайын өсе берсін мәртебеңіз!

Ізгі тілекпен: құрбылары.

"Мерейлі отбасы - 2025"

Құрметті, Жетісу облысының тұрғындары, 2025 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды.

Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын деріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

Конкурсқа мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

Толық ақпаратты аудандық, қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады. #Otbasym2025

Уважаемые жители области Жетісу, с 15 мая — Международного дня семьи по 15 июня 2025 года, принимаются заявки на участие в ежегодном национальном конкурсе «Мерейлі отбасы – 2025».

Национальный конкурс «Мерейлі отбасы» направлен на укрепление института семьи, демонстрацию и широкую пропаганду семейных ценностей, заботы совершеннолетних детей о нетрудоспособных и пожилых родителях и на пропаганду положительного имиджа казахстанской семьи.

Участниками областного конкурса являются семьи, члены которых имеют трудовые, спортивные, творческие, интеллектуальные, научные достижения, а также участвуют в общественно-полезной деятельности (волонтерство, благотворительность, меценатство, наставничество) области Жетісу.

Подробную информацию можно получить в районных и городских отделах внутренней политики, культуры, развития языков и спорта. #Otbasym2025

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық Мәслихат аппараты ауданның Құрметті азаматы, Білім беру саласының үздігі, ардагер ұстаз

ҚАБАСОВ Мырзаханның қайтыс болуына байланысты отбасының ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Хабарландыру

Курманалина Алтынай Төлеугазы-евнаның атына тіркелген Сарқан ауданы, Лепсі ауылы, Тынышбаев көшесі № 16 үйдің 0,1386 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 24-263-058-956) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.